

Бұлақтыкөл орта мектебі

Математика – жаратылыстану пәндер бірлестігінде өткізілген семинар

Тақырыбы: Критериалды бағалау жүйесіндегі БЖБ мен ТЖБ-ның ролі



2025-2026 оқу жылы

Семинар тақырыбы:	Критериалды бағалау жүйесіндегі БЖБ мен ТЖБ-ның ролі	
Мақсаты:	Мұғалімдердің критериалды бағалау жүйесіндегі БЖБ мен ТЖБ-ның мәні мен ролін терең түсінуіне жағдай жасау, оларды жоспарлау, өткізу және нәтижесін талдау бойынша әдістемелік құзыреттілігін арттыру, оқу үдерісін жетілдіруге бағытталған мұғалімдердің кәсіби дағдыларын дамыту	
Міндеттері :-	<p>Критериалды бағалау жүйесінің негізгі қағидаларын түсіндіру.</p> <ul style="list-style-type: none"> - БЖБ мен ТЖБ-ның мақсаттары мен функцияларын нақты айқындау. - БЖБ және ТЖБ-ны жоспарлау, өткізу және бағалау талаптарын жүйелеу. - Бағалау критерийлері мен дескрипторларды тиімді қолдану жолдарын көрсету. - БЖБ/ТЖБ барысында жиі кездесетін қателерді анықтау және олардың алдын алу тәсілдерін ұсыну. - Бағалау нәтижелерін талдау арқылы оқу үдерісін жетілдіру жолдарын қарастыру. 	
Күтілетін нәтижелері:	<ul style="list-style-type: none"> - Критериалды бағалау жүйесінің мәні мен маңызын терең түсінеді; - БЖБ мен ТЖБ-ның ролін және олардың айырмашылықтарын ажырата алады; - Оқу мақсаттарына сай БЖБ/ТЖБ тапсырмаларын құрастыра алады; - Бағалау критерийлері мен дескрипторларды дұрыс қолданады; - БЖБ/ТЖБ нәтижелерін талдап, тиімді кері байланыс бере алады; - Бағалау нәтижелерін оқыту сапасын арттыру үшін пайдаланады. 	
Ресустар	Презентация, үлестірме материалдар, интерактивті такта	
	Ұйымдастырушының іс-әрекеті:	Мұғалімдердің іс-әрекеті:
Психологиялық дайындық (5 мин.)	« Менің атым » тренингі «Таңдау» әдісі арқылы топқа бөлінеді Семинар тақырыбы мен мақсаты таныстырылды.	Өз есімінің бас өріпінен басталатын мотивациялық сөз ұсыну «Таңдау» әдісі арқылы топқа бөлінеді Семинар тақырыбы және мақсатымен танысады.

ратегия
10 мин.)

Ой шақыру.

Мұғалімдерге Ф.П. Решетниковтың «Тағы да екілік» суреті ұсынылады. Мына суретке мұқият қараңыздаршы, ондағы отбасы мүшелерінің әрқайсының көңіл-күйі қандай? Мектептен үйіне тағы да «екілік» бағасын арқалап қайтқан оқушының түр-әлпетінен нені аңғаруға болады? Ол өзін қалай сезініп тұр? Сурет неліктен «ТАҒЫ ДА ЕКІЛІК» деп аталады?

Тағы да екілік! Кеше де, бүгін де, ертең де...
Өріптестер, қалай ойлайсыздар, бұл баланың өз бағасын жақсартуға деген ынтасы бар ма? Жоқ болса, неге? Оған кім кінәлі, мұғалім бе, оқушы ма?

Бүгінгі семинарда біз сіздермен қазіргі заманда білім саласындағы нағыз мәселеге айналған проблеманың бірі – бағалау мәселесіне тоқталамыз. Өйткені оқушының білімін бағалау – оның оқуға деген ынтасының мүлдем жоғалуына немесе қазығушылығының оянуына бірден-бір себеп. Мұғалімнің басты міндеті – оқушының өзіне деген, өз күшіне деген сенімінің жоғалуына жол бермеу.

Сұрақ: Бағалау туралы не білесіз? Мұғалімдер «Бағалау айсбергі» әдісі бойынша жұмыс жасайды.

Нұсқаулық:

Айсберг суретін слайдта көрсетіледі.

Бағалауға қатысты ұғымдарды екі бөлікке бөліп жазыңыз.

Қатысушыларға бағалаудың тек сыртқы (көрінетін) емес, терең (көрінбейтін) қырлары бар екенін ұғындыру, бағалауға сыни көзқарас қалыптастыру

Құрметті әріптестер!

Қазіргі білім беру жүйесінде бағалау – тек оқушының білімін тексеру құралы емес, ол – оқу үдерісін реттейтін, оқушының дамуына бағыт беретін маңызды педагогикалық механизм.

Критериалды бағалау жүйесінің басты ерекшелігі – оқушы жетістігін алдын ала анықталған, нақты әрі ашық критерийлер арқылы бағалау.

Бұл жүйеде оқушы «неше алдым?» деген сұрақтан гөрі, «нені меңгердім, нені әлі дамытуым керек?» деген сұраққа жауап алады.

Осы жүйеде БЖБ мен ТЖБ ерекше рөл атқарады.


★ БЖБ-ның рөлі

Бөлім бойынша жиынтық бағалау (БЖБ) – оқу бөлімінің соңында оқушының нақты оқу мақсаттарын қаншалықты меңгергенін анықтауға арналған бағалау түрі.

БЖБ:

Суретке қарап ой бөлісіп, пікір алмасады.

Ф.П.Решетников: "Тағы да екі"



Мұғалімдер бағалау туралы білгендері бойынша «Бағалау айсбергі» әдісі бойынша мұздің үстіңгі және астыңғы бөлігіне жазады

Слайд арқылы мағлұмат алады.
Өз ойларын ортаға салады.
Қорытынды жасайды

Топтық
жұмыс
Ой қозғау
(7 мин.)

Сыни
көзқарас,
пікірталас

<p>ин.)</p> <p>Теориялық бөлім 8 мин.</p>	<p>оқушының оқу барысындағы аралық жетістігін көрсетеді;</p> <p>мұғалімге оқу үдерісін дер кезінде түзетуге мүмкіндік береді;</p> <p>оқушыға өз қателігін көріп, келесі бөлімге дайындық жасауға жағдай туғызады.</p> <p>Яғни, БЖБ – оқыту үшін бағалау мен бағалау арқылы оқытудың арасындағы көпір.</p> <p>★ ТЖБ-ның рөлі</p> <p>Токсан бойынша жиынтық бағалау (ТЖБ) – белгілі бір уақыт аралығында (токсан бойы) меңгерілген оқу мақсаттарының қорытынды нәтижесін анықтайтын бағалау түрі.</p> <p>ТЖБ:</p> <p>оқушының тоқсандық оқу жетістігінің деңгейін көрсетеді;</p> <p>білім сапасын жүйелі түрде салыстыруға және талдауға мүмкіндік береді;</p> <p>мектеп, мұғалім және білім алушы үшін нәтижеге бағытталған кері байланыс ұсынады.</p> <p>ТЖБ – оқу нәтижесін тіркейтін, бірақ сонымен қатар алдағы оқуға бағдар беретін құрал.</p> <p>🏠 БЖБ мен ТЖБ-ның ортақ маңызы</p> <p>БЖБ мен ТЖБ:</p> <p>бағалауда әділдік пен ашықтықты қамтамасыз етеді;</p> <p>мұғалімнің субъективті пікірін азайтады;</p> <p>оқушының жауапкершілігін арттырады;</p> <p>білім сапасын арттыруға бағытталған шешім қабылдауға негіз болады.</p> <p>Ең бастысы, бұл бағалау түрлері оқушыны салыстыру объектісі емес, жеке даму траекториясы бар тұлға ретінде қарауға мүмкіндік береді.</p> <p>Қорытынды</p> <p>Критериалды бағалау жүйесінде БЖБ мен ТЖБ – бақылау құралы ғана емес, оқытуды жақсартудың және оқушы дамуын қолдаудың негізгі тетігі.</p>	<p>Берілген тапсырма бойынша критерий мен дескрипторлар құрады. Топтық бағалау жүргізіледі.</p>
---	--	---

<p><i>оқыту сәті</i></p>		
<p>Топтық жұмыс</p>	<p>Топтық жұмыс. Кластер жасау. Әр топқа тапсырма беріледі:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1- топ: Критериалды бағалауды пайдалану оқушыларға не береді? 2- топ: Критериалды бағалаудан мұғалім не ұтады? 3- Топ: Критериалды бағалаудың ата-аналарға пайдасы бар ма? <p>Топтар өз кластерлерін қорғайды. Топтар бірін бірі толықтырады, ой бөліседі. Олардың жауаптары төмендегідей болуы мүмкін немесе өзін толықтырамын:</p>	
<p>Кері байланыс пен рефлексияны тәжірибеде қолдану</p>		<p>Ой бөліседі</p>
<p>Кері байланыс</p>	<p>«Slido.com» бағдарламасы арқылы кері байланыс алу.</p> <p>«Бүгінгі коучингтен қандай әсер алдыңыз? Пікір қалдырыңыз.»</p> <p>Семинарды 1-ден 5-ке дейін бағалаңыз.</p> <p>Құрметті әріптестер!</p> <p>Бүгінгі семинар барысында біз критериалды бағалау жүйесіндегі БЖБ мен ТЖБ-ның рөлін, оларды жоспарлау, өткізу және бағалау талаптарын жан-жақты қарастырдық.</p> <p>Бүгін талқыланған әдістер мен тәжірибелік тапсырмалар алдағы БЖБ мен ТЖБ өткізуде сіздерге нақты қолдау болады деп сенемін.</p> <p>Ең бастысы, біз бағалауды «баға қою» емес, «оқыту мен дамытудың құралы» ретінде қолдануға ұмтылуымыз қажет.</p> <p>Назарларыңызға рахмет!</p> <p>Баршаңызға шығармашылық табыс, нәтижелі еңбек тілеймін!</p>	<p>Не түсінгендері мен не түйгендері туралы ойларымен бөліседі. Бүгінгі тақырып бойынша өз ойларын жазып, кері байланыс жасайды.</p> 







